КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 15 қыркүйек №5165-25-00-2/2286 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.С.Чингиспаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «GREENLINE VIVA» Балнұр Үсенқызы Есенбекова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «GREENLINE VIVA» Балнұр Үсенқызы Есенбекова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «GREENLINE VIVA» Балнұр Үсенқызы Есенбековадан мемлекет пайдасына 3 445 (үш мың төрт жүз қырық бес) теңге тұрақсыздық айыбы, 2 069 (екі мың алпыс тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 15.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 22.10.2025, судья Чингиспаева К. С., 23.10.2025

5165-25-3-1/2221